

Заман талабымен үндескен

Облыс орталығындағы Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызылов және оның оқу, ғылыми істері жөніндегі орынбасарлары Ахан Нұрышев, Олжас Сейітжанов баспасөз клубында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесіп, академияның тыныс – тіршілігімен таныстырып өтті. Журналистер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Академия қазіргі кезде республикамыздағы ішкі істер органдары үшін жоғары білікті мамандарды даярлайтын ведомстволық оқу орындарының бірі болып саналады. Оқу орнының тарихына көз жіберсек, оқу орны 1971 жылы орта және кіші құрамды даярлайтын облысаралық мектептен бастап Академияға айналып отыр. 2004-2011 жылдары Академия ҚР Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің құрамында болса, ал, 2011 жылдан бері Ішкі істер министрлігінің қарамағына берілді. 2014 жылы Академияға Шырақбек Қабылбаевтың есімі берілді. Ш.Қабылбаев мемлекет және қоғам қайраткері, екі рет Қазақ КСР ішкі істер министрі болды, генерал-лейтенант (II рангілі ішкі қызмет генерал-лейтенанты), ІІМ еңбек сіңірген қызметкері. Академия үш мамандық бойынша «Құқықорғау қызметі» әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-атқару мамандандыру аясында, «Педагогика және психология», «Әлеуметтік жұмыс» мамандарын даярлайды. Бүгінде жоғары оқу орнында 1000 тыңдаушы білім алады, тыңдаушыларға оқу орнын аяқтаған соң полиция лейтенанты деген атақ беріледі.

Академия бастығы Мирлан Қызыловтың айтуынша, үш институттың негізінде өзінің білім беру қызметін, біріншісі – заң, екіншісі – жоғары оқу н кейінгі және қосымша білім беру яғни магистратура, үшіншісі біліктілікті арттыру және қайта даярлауды жүзеге асырады. Сол секілді білім беру саласы мен ішкі істер органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру аясында өзара ынтымақтастық келісім бойынша оқу орнында 2009 жылдан Тәжік Республикасының тыңдаушылары білім алады. Қазіргі кезде оқу орнында Тәжік және Қырғызстан Республикаларының 30 тыңдаушысы оқиды.

Академияның жетекші бағыттарының бірі – тыңдаушыларға білім берумен қатар тәрбие жұмысы болып саналады. Олардың тұлғалық қасиеттерін дамыту мен қалыптастыру, жоғары білікті, өздерінің мамандық ерекшеліктеріне сай маман даярлауда Академиядағы офицерлік, полицейлік жиналыстар, тәлімгерлік, әйелдер кеңестері мен ардагерлер, кураторлар, ата-аналар комитеті, кіші командирлер кеңесі, тыңдаушылардың өзі-өзін басқару құрылымдары ерекше рөл атқарады. Түрлі бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылады, 8 шығармашылық үйірме жұмыс істейді. Домбыра ансамблін еліміздің мәдениетіне еңбегі сіңген қызметкер, танымал әнші, сазгер Қ.Деріпсалдин басқарады.

Академияда ішкі істер органдарының қызметі мен білім беру саласына ғылыми-техникалық және ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету

ғылыми – зерттеушілік қызмет, халықаралық ынтымақтастық кең жолға қойылған. Академия алыс және жақын шетелдердің ведомстволық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықпен жұмыс істейді. Ағымдағы жылы Академия Полиция академиясы халықаралық қауымдастығының толық мүшесі болды. Осы қауымдастықтың құрамына 46 мемлекеттің 59 полиция білім беру мекемесі кіреді. Академия ҚР Ішкі істер министрлігінің оперативтік резерві құрамына кіргендіктен жеке құраммен құрама жасақ облыстық ішкі істер департаментінің оқу-жаттығу базасында үнемі жаттығуға қатысып отырады. Аумақтық құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл көмек беруді жүзеге асыру аясында облыс орталығындағы қоғамдық тәртіпті сақтау үшін 2015 жылғы 10 айы ішінде 2000-ға жуық жоғары курс тындаушылары тартылды.

Гүлназым САҒИТОВА